

Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті
концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегілері негізінде)»
диссертациясының

АНДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептосферасы мен оның тілдегі өзектелу құралдарын лингвоконцептологиялық талдауға арналады. Аталған зерттеудің пәні қазіргі тіл білімінің когнитивті лингвистика (лингвоконцептология), лингвомәдениеттану, дискурсология сияқты жаңа бағыттары аясында қарастырылады.

Соңғы жылдары тілші ғалымдар арасында әртүрлі этнос өкілдерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық артып отырғаны байқалады. Әрбір этностың және сол этностың жекелеген өкілінің когнитивтік санасында әлеуметтік іс-әрекет пен қарым-қатынас үдерісінде сезімдік және менталды қабылданатын, өңделетін шындық дүние құбылыстары, сонымен бірге, заттар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, кеңістік пен уақыттық қатынастар т.б. бейнеленеді. Адамзат тарихында әрбір этностың тілдік санасы дамудың белгілі бір кезеңінде сол этносқа тән нақты бір әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтарды бейнелейді. Осыған сәйкес тіл арқылы көрінген индивидуум санасындағы дүние бейнесін зерттеу белгілі бір этностың дүниетанымының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Тілдік сана көп қырлы, көп аспектілі, сонымен бірге дүниенің ұлттық бейнесінің жекелеген бөліктерін ескере отырып, оның әрбір бөлігі мұқият қарастырып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Шындығында, тіл мен мәдениеттің байланысын жоққа шығару мүмкін емес, тілші ғалымдар мен аралас гуманитарлық ғылым саласының өкілдері былай деп атап көрсетеді: «халықтың мәдениетін, оның ұлттық мінезінің, адамгершілік қасиеттерінің, рухани дүниесінің ерекшеліктерін сол тілді білмей тану мүмкін емес. Тіл адамның психикалық және ойлау үдерістерін жай ғана түсіндіріп қоймайды. Аталған үдерістерді тілден тыс зерттеу мүмкін емес, оларға лингвистикалық сипат тән».

Тіл мен мәдениеттің бірлігі лингвомәдени концептілерден көрініс табады, оларды зерттеу белгілі бір этностың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау үшін аса маңызды. Концептіні зерттеудегі лингвоконцептологиялық көзқарас тілдік бірліктердің мағынасына бағытталған; тілдің лексикасы адаммен, оның мәдениетімен, санасымен, ойлауымен ажырамас бірлікте талданады. Тілдің

сөздік қорындағы мәдени құндылықтарды дәл жеткізетін бейнелі бірліктердің маңызы ерекше.

Зерттеудің өзектілігі. XX және XXI ғасырдың басында адам көлемді ақпараттық кеңістікке тап болды, адамға ол ақпараттарды реттеу, түсіну, құрылымдау қажеттігі туындады. Ақпаратты алу, қайта өңдеу, жаңғырту, беру үдерістері бірқатар ғылымдардың зерттеу пәніне айналды: жасанды интеллект теориясы, антропология, психология, әлеуметтану, философия, коммуникативті-когнитивті прагматика, герменевтика және сайып келгенде, лингвистика, атап айтқанда – адамның дүниені тану, тілдік категориялардың көмегімен білімді жүйелеу үдерістері, осы білімдер мен идеяларды вербалдау. Ақыл-ой әрекеті концептаясының отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан зерттелуіне шолу жасау барысы оның біршама зерттелгенін көрсетті. Дегенмен ұсынылып отырған зерттеудегі жаңалық – ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті құрылысы әртүрлі (қазақ және ағылшын) тілдер материалы бойынша салғастырмалы аспектіде кешенді талдауға түспегені.

Диссертацияда төмендегі мәселелер қарастырылады: зерттеудің ұғымдық-терминологиялық аппараты нақтыланады – «дискурс», «ертегі дискурсы», «концепт», «концептая» ұғымдары және олардың өзара байланысы сипатталады; ақыл-ой әрекеті концептаясын кешенді лингвоконцептологиялық талдау әдісі ұсынылады; қазақ және ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдану құралдарына лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдау жасалынады; салғастырылып отырған екі лингвомәдениеттің дүниетанымындағы ақыл-ой әрекетін бейнелеудегі ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктері анықталады. Бұл айтылған мәселелер қорғауға ұсынылып отырған диссертацияның идеясының жаңа екенін және тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты. Ертегі дискурсын лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдау арқылы қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасында ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдануы мен қабылдануындағы ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- когнитивті лингвистика (лингвоконцептология), лингвомәдениеттану тұрғысынан «дискурс» және «ертегі дискурсы» ұғымдарының мазмұны мен құрылымын анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттерге теориялық шолу жүргізу;
- ғылыми әдебиеттерде ұсынылған дискурстағы концептіні зерттеудің тәсілдері мен әдістерін жалпылау және жүйелеу;
- қазақ-ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдануын анықтау және сипаттау;
- қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының ортақ және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау;

- ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының қазіргі тілдік санада қабылдануы мен өзектелу ерекшеліктерін ассоциативтік эксперимент арқылы талдау;
- зерттеу нәтижелері бойынша дискурста концептіні зерттеудің кешенді лингвоконцептологиялық әдісі туралы ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу және зерттеудің болашақ бағыттарын анықтау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – құрылысы әртүрлі қазақ және ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясын вербалдайтын құралдар.

Зерттеу пәні. Қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының өзектелуінің лингвоконцептологиялық және лингвомәдени өлшемдері.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізін** тіл білімінің жалпы мәселелері (V. Humboldt, Yu.M. Lotman, Sh. Bally), тілдік мағына мәселелері (J.J. Katz, J.A. Podor, J. Leech, J. Lyons, G. Stern, St. Ullman), дискурс теориясы мен дискурстық талдау (D. Schiffrin, R. Wilensky, St. Stembroke, J. Fiske, Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, А.А. Кибрик, Ж. Гийом, Д.Е. Мальдидье, Е.С. Кубрякова, Л.М. Макаров, М. Фуко, Т. ван Дейк, Г.А. Орлов, Н. Фезрклаф, М. Стабс, Р. Водак, Д. Кэмерон, Д. Таннен, В.Г. Борботько, И.Г. Атрощенко, В.Е. Чернявская, В.С. Григорьева, А.Р. Мухтаруллина, Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Б.А. Ахатова, Г.Г. Гиздатов, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Б. Қалиев, Г. Бүркітбаева, Е. Әлкебаева, Н. Уэли, Қ.Б. Күдерінова, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатына, А.Е. Сәденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова, А.М. Куркимбаева); салғастырмалы тіл білімі (И.А. Стернин, М.А. Стернина, В.Б. Кашкин, А.П. Бабушкин, В.Г. Гак, С.Г. Тер-Минасова, З.К. Ахметжанова, К.К. Дүйсекова, С.Ж. Тажибаева, М.Б. Амалбекова, С.К. Сәтенова, С.С. Исакова, Ж.Т. Оспанова); мәтін лингвистикасы (И.Р. Гальперин, Т.М. Николаева, З.Я. Тураева, В.Е. Чернявская, Н.С. Валгина, Т.В. Матвеева, Т.М. Хомутова); лингвомәдениеттану (В.Н. Телия, Ю.С. Степанова, Н.Д. Арутюнова, В.В. Воробьев, В. Шаклеин, В.А. Маслова, Л.Х. Самситова, З.Ф. Шайхисламова, А. Ислам, Ж.А. Манкеева, А.О. Тымболова, М.Т. Куштаева); лингвоконцептология (Е.С. Кубрякова, М.Ю. Олешков, В.И. Карасик, Д.С. Лихачев, Л.Н. Синельникова, Н.В. Крючкова, В.З. Демьянков, А.Н. Приходько, А. Ислам, Р.М. Фрумкина, В.А. Маслова, Н.С. Болотнова, О.А. Фещенко, Е.В. Дзюба, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.С. Степанов, Г.С. Исаева, М.В. Пименова), ертегі дискурсы (Ю.В. Мамонова, С. Цзинтин, Н.А. Акименко, М.В. Демина, А.М. Кербс, К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова, Т. Луговая, О.А. Плахова, Л.П. Ковальчук, И.С. Соборная, У.В. Каримова, Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова, Ю.М. Брейгер, Е.Ф. Бизунова, Ю.С. Городова, С.К.

Кенжемуратова, А.Т. Қасымбекова, А.В. Шаколо, Н.К. Култанбаева т.б.) зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар болды.

Зерттеу дереккөздері. Когнитивті лингвистика (лингвоконцептология), лингвомәдениеттану, дискурсологиядағы концепт мәселесін зерттеген теориялық еңбектер, қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі мәтіндері, ассоциативтік экспериментке қатысқан 206 респонденттің жауап материалдары, қазақ тілінің және ағылшын тілінің түсіндірме сөздіктері және т.б.

Зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеуде төмендегідей жалпығылыми әдістер қолданылды: бақылау, салыстыру, жалпылау, талдау, қорытындылау. Негізгі зерттеу әдістері ретінде сипаттамалық, компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, өрістік әдіс, концептуалды талдау, оппозициялық әдіс, салғастырмалы әдіс, мәтіннен түгелдей теру әдісі, сандық-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының тілдік репрезентациясын анықтау үшін кешенді лингвоконцептуалдық әдіс ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі тіл білімінде «дискурс» ұғымын анықтауға әртүрлі көзқарастар жүйесі қалыптасты: коммуникативті, құрылымдық-стилистикалық, элеуметтік-прагматикалық, құрылымдық-синтаксистік тәсілдер. «Дискурс» ұғымының мағынасы көпқырлы, оның үш жақты табиғаты назар аудартады: біріншіден, дискурс ұғымы мәтінмен тығыз байланыста қарастырылады, екіншіден, дискурс қарым-қатынасқа түсушілердің санасындағы когнитивтік үдеріспен байланысты анықталады, үшіншіден, прагматика дискурстың табиғатын толық ашады. Тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма аясындағы лингвомәдени тұжырым ертегі дискурсын күрделі мәдени-семантикалық түзіліс деп анықтайды. Ертегі дискурсы – ертегілік категорияларды қамтитын, динамикалық мәтін түрінде көрінетін, мағыналық, құндылық, құрылымдық, мәдени белгілерді біріктіретін қарым-қатынас үдерісі.

2. Кез келген дискурс қоршаған шындық дүние туралы білімді құрай отырып, концептілердің қалыптасуына ықпал етеді. Дискурс қандай да бір тірек концептілер төңірегінде шоғырланады, онда дискурс жасаушы мен қабылдаушының дүние бейнесі көрініс табады. Дискурсивті стратегия мен тактика концептілердің қолданысы мен шарттарын реттейді. Концепті адам санасында өмір сүретін күрделі құрылым болып саналады, ол өзгеріп, толығып, дамып отырады. Адам қарым-қатынасы кезінде нақты жағдаятқа байланысты концептілер белсенді қолданыс табады. Концептілердің жиынтығы концептаяны құрайды. Концептаядағы концептілер бір-бірімен тығыз байланысты болады. Концептінің семантикалық құрылымы оның тілдің лексикалық жүйесіндегі орнымен, нақты коммуникативтік жағдаяттағы қолданысымен, шығу төркінімен, тіл сөйлермендерінің санасында өзектелуімен анықталады.

3. Зерттеу барысында концептіні танудың лингвомәдени өлшемдері анықталды: менталдылық, құндылық, өзгермелілік. Концепті – менталды құрылым, ол адам санасында қалыптасады, өмір сүреді, қарым-қатынас қажеттілігіне қарай жарыққа шығады. Концепт дүние туралы білімді құрылымдап, жүйелеп қана қоймайды, сонымен бірге халықтың мәдени ерекшелігін, тарихи тәжірибесі мен тарихи мұрасын көрсетеді. Жеке және ұжымдық мәдени тәжірибе негізінде қалыптасқан ұғымдар халықтың санасында бекітіледі, олар қоршаған дүниені танудың нәтижесі, тілдік бейне мен ұлттық менталитетті айқындайды. Концептінің ең басты лингвомәдени өлшемі – құндылық, өйткені концептінің құрылымында сол ұлтқа тән мәдени маңызды білімдер жүйесі жинақталады. Ұжымдық сана сыртқы факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырайды, соған сәйкес концептілердің де мазмұны өзгеріп отырады. Сондықтан әр адамның концептаясы, ондағы концептілердің мазмұны әртүрлі деңгейде болады. Концептінің мәтінде өзектелуі қандай да бір концептінің дискурса түсуі, адамның сөйлеу актісінің мақсатына қарай концептінің сөзге айналып, жарыққа шығуы, коммуникацияның сәтті өтуіне атсалысуы деп түсіну керек.

4. Зерттеу материалы ретінде алынған қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегілері мәтіндеріндегі тілдік материалдар сан жағынан бірдей емес. Қазақ ертегілері бойынша жиналған тілдік материалдар ағылшын ертегілеріне қарағанда 23,2% артық. Бұл сандық қатынастағы артықшылықты қазақ қиял-ғажайып ертегілерін құрастырған ертегішілердің ертегілік категорияларды «ғажайыптылық, құндылық, фантастикалық қиялды» көркемдік құралдардың көмегімен еркін әңгімелеуімен, қазақ тілінің сөздік қорының молдығымен түсіндіреміз. Ағылшын қиял-ғажайып ертегілеріндегі тілдік бірліктердің сан жағынан аз болуын ағылшын фольклоры мен балалар әдебиетінің дамуындағы түрлі бағыттардың ұстанымдары мен идеологиялық көзқарастарына тікелей байланысты деп анықтаймыз.

5. Қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетіне тән ортақ, әмбебап белгілерге ойлау, сену, шешім қабылдау, байқау/бақылау, елестету, білімділік жататыны анықталды. Салғастырылып отырған екі тілдің концептаясындағы ұқсастықтар ақыл-ой әрекетінің жалпыадамзаттық әмбебап сипатымен түсіндіріледі. Сонымен бірге талданып отырған екі лингвомәдениеттегі ақыл-ой әрекетіне тән ұлттық ерекшеліктер де анықталды. Қазақ ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясына тән өлшемдерге үлкеннің өсиетін тыңдау, іс-әрекеттегі ақылдылық пен байқампаздық, кәсіпке үйрену арқылы білім алу, ақыл-ой айласы мен іскерлік, білгірлік пен тапқырлықты айтуға болады. Ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының ұлттық-маркерленген белгілері ұтымды ойлау, шыдамды болу, сақ болу, істі жоспарлау, көп сөйлемей, өзіне сыни көзқарас, орынды әзіл, салқынқандылық, сезімді басқару, рухы көтерілу, қиялдау күші, өз ұстанымын, пікірін қорғаудан көрінеді. Адамның мінезінде оның дүниетанымы,

моральдық және рухани құндылықтары, мінез-құлық ұстанымдары көрініс табады, олар адамның іс-әрекетіне түрткі болып отырады, сондықтан қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясында сол лингвомәдени ортада өмір сүретін адамдардың жалпы дүниені тану және оны қабылдау ерекшеліктері бейнеленеді.

6. Ассоциативтік эксперимент нәтижелері қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасындағы ақыл-ой әрекеті концептаясы лексикографиялық, паремиологиялық, фразеологиялық қордағы және ертегі дискурсындағы ұғымдық, бейнелік, құндылық компоненттермен толық сәйкес келетінін, респонденттердің реакция сөздер ретінде ұсынған тірек концептілер туралы ассоциациялық өрістерінің кең екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері салғастырылып отырған екі лингвомәдениеттің аталған концептая белгілеріндегі ұқсастықтар ақыл-ой әрекетінің жалпыадамзаттық әмбебап сипатымен анықталатынын көрсетті. Қазақ және ағылшын халықтарының дамуындағы ерекше тарихи-географиялық, әлеуметтік-саяси, діни-мәдени факторлар дүниенің ұлттық бейнесінің қалыптасуына, сәйкесінше, аталған лингвомәдениеттердегі ақыл-ой әрекеті концептаясына тән қайталанбас белгілердің тілден көрініс табуына ықпал еткен.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдану құралдарын сипаттауға және анықтауға талпыныс жасалды; тірек концептілердің ұғымдық, бейнелік, құндылық компоненттері анықталды; салғастырылып отырған екі лингвомәдениеттің ақыл-ой әрекеті концептаясына тән белгілерді салғастырмалы талданды, ортақ және айырым белгілері ажыратылды, олардың себептері лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдаулар арқылы түсіндірілді.

Зерттеуде дискурс, ертегі дискурсы, концепт, концептая мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық еңбектерге жан-жақты талдау жасалды. Диссертацияның ғылыми-теориялық негізін анықтау зерттеудің әдістері мен тәсілдерін таңдауға ықпал етті.

Жұмыста дискурсқа қатысты концептінің орны нақтыланып, оны зерттеуге бағытталған көзқарастарға шолу жасалды. Нәтижесінде концептіні зерттеудегі лингвокогнитивтік және лингвомәдени бағыттарды негізге ала отырып, ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясын зерттеу әдістемесі ретінде кешенді лингвоконцептуалдық әдісті ұсындық. Алдымен ақыл-ой әрекеті концептаясының ұғымдық белгілерін анықтау үшін сөздік мағыналары талданды, бейнелік компонентін анықтау мақсатында екі тілдің паремиологиялық және фразеологиялық қорына жүгіндік. Алынған талдау нәтижелері ертегі мәтіндеріндегі ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдануымен салыстырылды, ассоциативтік эксперимент арқылы тіл сөйлермендерінің санасындағы ассоциаттармен салыстырылды, нәтижесінде

қазақ және ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептасының өзегі, орталығы және шеткері аймағы анықталды.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын тіліндегі ертегі дискурсын салғастыра талдап, ақыл-ой әрекеті концептасын құрайтын концептілер анықталып, олардың ішінен тірек концептілер топтастырылып, сызбаларға түсірілді, лексика-семантикалық, өрістік, лингвоконцептологиялық талдау жасалды, сандық және пайыздық көрсеткіштері анықталып, соған сәйкес тұжырымдар ұсынылды.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Қорғауға ұсынылып отырған зерттеуде алғаш рет ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептасының мазмұны құрылысы әртүрлі екі тілдің материалдары негізінде талданды. Зерттеу нәтижелері ақыл-ой әрекетінің кез келген ұлттың санасындағы ойлау үдерістерінің жалпыадамзаттық әмбебап сипатымен анықталатын ең маңызды концептуалдық жүйе екенін көрсетті. Қазақ және ағылшын лингвомәдениетіндегі ақыл-ой әрекетінің тілдік көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер ертегі мәтіндерінен жинақталған 306/235 тілдік материалды кешенді лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдау арқылы дәйектелді. Нәтижесінде қазақ және ағылшын халықтарының дүние бейнесіндегі ұлттық таныммен, ділмен, дінмен, тарих пен мәдениетпен байланысты құндылықтар жүйесі анықталды.

Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасында «ақыл/mind» концептісінің семантикалық ерекшелігі мен ақыл-ой әрекеті/mental activity концептасының қабылдануын анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент жүргізілді. Нәтижесінде «ақыл/mind» концептісі мен ақыл-ой әрекеті/mental activity концептасының ассоциациялық өрісінің кең, тіл сөйлермендерінің санасында қалыптасқандығы анықталып, екі тілдік санадағы ассоциациялық байланыстар лексикографиялық дереккөздермен және ертегі мәтіндеріндегі ақыл-ой әрекетінің мазмұнымен толық сәйкес келетіндігі дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері лингвоконцептология, дискурсология теориясының дамуына үлес қосады. Зерттеу барысында ертегі дискурсындағы концептаны талдауға ұсынылған әдістемелік талдау кезеңдері әртүрлі дискурс жанрларындағы концептілерді зерттеуге бағытталған болашақ ізденістерге пайдасы болары анық. Тіл білімінің когнитивті лингвистика (лингвоконцептология), лингвомәдениеттану, дискурсология сияқты жаңа салаларын оқыту үдерісінде, шет тілдерін үйретуде зерттеудің теориялық тұжырымдары пайдалы болады.

Зерттеудің практикалық мәні. Зерттеуде талданған тілдік материалдарды сөздік жасау ісінде, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерді толықтыруда пайдалану мүмкіндігі мол. Ассоциативтік эксперимент нәтижелерінде анықталған кемшіліктердің алдын алу мақсатындағы ұсыныстар академиялық жазу деңгейін, тезаурустық білім мен білікті қалыптастыруда

маңызды болады. Қазақ және ағылшын ертегі дискурсын лингвоконцептологиялық және салғастырмалы талдау нәтижесінде қол жеткізген біздің ғылыми тұжырымдарымызды дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялар, монографиялар мен оқу құралдарын жазу барысында негізге алуға болады.

Зерттеу апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: «Теориялық және қолданбалы филологияның өзекті мәселелері» ІХ Халықаралық ғылыми конференцияда (Уфа қаласы, 29-30 сәуір 2021 жыл), «Түркі филологиясының бүгінгі мен болашағы» ғылыми вебинарда (Стерлитамак қаласы, 17 қараша 2021 жыл), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» ғылыми семинарында (2022 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты. Қазақ, ағылшын тіл сөйлермендерінің ұлттық тілдік санасында ақыл-ой әрекеті концептасының қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында GoogleForms виртуалды платформасын пайдалана отырып ассоциативтік эксперимент жүргізілді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 5 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Lexico-Semantic Field and Conceptual Feature of the Concept "Ақыл/Mind" // World journal of English language. Vol. 15, №5, 2024. Процентиль 47%, Q2. <https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel/article/view/25841>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы «ақыл/mind» концептісінің лексика-семантикалық репрезентациясы // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4(67), 2022. 102-116 бб. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/41>

2. Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №2/2023. 94-108 бб. <https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/issue/view/40/67>

3. Linguistic representation of the concept of "Mental activity" in the kazakh fairy-tale discourse// Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №3, 2024. 63-79 бб. <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/issue/view/45/73>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Ақыл/Mind концептісінің ұғымдық аспектісі //Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии: Материалы ІХ Международной

научной конференции (г. Уфа, 29-30 апреля 2021 г.) / отв. ред. А.Р. Мухтаруллина. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2021. – 166-184 с.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 43 суретте көрініс тапты. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 259 атау енді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 178 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **когнитивті лингвистика (лингвоконцептология), лингвомәдениеттану, дискурсология** сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Докторант ғылыми зерттеу бойынша жарияланған еңбектердің теориялық тұжырымдарын жасауға, практикалық материалдарды талдауға қатысты. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.